

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1490 қаулысы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы Жылының қорытынды іс-шараларын жоғары деңгейде дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы Жылының қорытынды іс-шараларын өткізу үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 150 000 000 (бір жүз елу миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін әрі 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне олардың пайдаланылуы туралы тәптіштелген есепті ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаражаттың бөлінуін және оның мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Н. Тасмағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі